

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени
Курмангазы»
Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

01 қазан 2020 ж.

ПОЛОЖЕНИЕ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ

№ ПП-26-20

Алматы қ.

г.Алматы



Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
_____ А.А. Жудебаев
« 01 » қазан 2020ж.

ҚАУІПСІЗДІК БӨЛІМІ

Дайындаған:			
Қауіпсіздік бөлімінің басшысы		К.Б. Балғалиев	01.10.2020
Келісілді:			
Сапа менеджменті басшылығының өкілі		Г.Б. Әбдірахман	01.10.2020
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасы		И.В. Олексенко	01.10.2020
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры		М.А. Ешмұханов	01.10.2020
Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы		А.С. Сыдықова	01.10.2020
Заң бөлімінің басшысы		О.К. Тлегенова	01.10.2020
Лауазымы	Қолы	Т.А.Ә	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	МІНДЕТТЕРІ	3
3.	ҚҰРЫЛЫМ	4
4.	ФУНКЦИЯЛАР	4
5.	ҚҰҚЫҚТАРЫ	4
6.	ЖАУАПКЕРШІЛІК	5
7.	ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ	5
8.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	6
	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ	7

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің (бұдан әрі - Консерватория) құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Қауіпсіздік бөлімінің (бұдан әрі - Бөлім) қызметіне қойылатын талаптарды айқындайды және белгілейді.
2. Бөлім Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің келісімі бойынша ректордың бұйрығымен бекітілген консерваторияның ұйымдық құрылымына сәйкес құрылған.
3. Бөлімнің қызметкерлері Бөлім басшысының ұсынуы бойынша Консерватория ректорының бұйрығы негізінде қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.
4. Бөлім өз жұмысында төмендегі жайттарды басшылыққа ала отырып:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесіне ие сыртқы нормативтік құжаттамамен, ұлттық, ведомстволық және салалық стандарттармен, жоғары тұрған органдардың талаптарымен;
 - 2) қызмет сапасы менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі саласындағы ISO (International Organization for Standardization) халықаралық стандарттарымен және Консерваторияға енгізілген басқа да жүйелермен;
 - 3) тұтастай алғанда Консерваторияның қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттармен;
 - 4) осы Ережемен айқындалады.
5. Осы ереже бөлімге оның мәртебесін, ұйымдық құрылымын, жауапкершілігі мен өкілеттігін әкімшілік-құқықтық бекіту жөніндегі талаптарды белгілейді.

2. МІНДЕТТЕРІ

6. Консерватория объектілерін ұрлықтан, тонаудан және басқа да қылмыстық қол сұғушылықтардан сенімді қорғауды қамтамасыз ету.
7. Қауіпсіздік бөлімінің міндеттері:
 - 1) Нысандардың қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларға басшылықты жүзеге асыру.
 - 2) Қатаң бақылау-өткізу режимінің сақталуын қамтамасыз ету.
8. Өз үдерістері тиімділігінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу.
9. Өз процестерінің құзыреті шеңберінде менеджмент бойынша ISO стандарттарының талаптары бойынша менеджмент жүйесін мониторингілеу және талдау және осы деректерді Консерватория басшылығына ұсыну.
10. Сапалы менеджмент, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы басшылық саясатын және басқарудың басқа да тиімді жүйелерін іске асыру.
11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың корпоративтік мәдениетін қалыптастыру.
12. Қызмет сапасы менеджменті жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі және Консерваторияда енгізілген басқа да жүйелер саласында бөлімнің жұмысын жақсарту мақсаттарына қол жеткізу.

Құрылым ережесі	Қауіпсіздік бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	7 беттің 3 беті

3. ҚҰРЫЛЫМ

13. Бөлімнің құрылымы мен штатын ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің келісімі бойынша басқару аппаратының құрылымына және мамандар мен қызметшілер санының нормативтеріне, Консерваторияның жұмыс көлемі мен қызмет ерекшеліктерінің есебіне сәйкес Консерватория ректоры бекітеді.
14. Бөлімге басшылықты Бөлім басшысы жүзеге асырады.
15. Бөлім басшысының лауазымдық міндеттері осы ережемен және лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.
16. Бөлімнің басшысын қызметке тағайындау және одан босату Консерватория ректорының бұйрығымен жүргізіледі.
17. Бөлімнің құрылымына басшы, аға инспектор және инспектор кіреді, олардың лауазымдық міндеттері осы ережемен және лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.
18. Қабылдау және қызметтен босату бөлім басшысының ұсынымы бойынша Консерватория Ректорының бұйрығымен жүргізіледі.
19. Бөлімнің штат бірліктерінің саны Консерваторияның штат кестесімен анықталады.

4. ФУНКЦИЯЛАР

20. Белгіленген өткізу режимінің сақталуын кейіннен бақылаумен ұйымдастыру және қамтамасыз ету.
21. Ұйымдастырушылық және құқықтық реттеу мәселелері бойынша жұмыстардың орындалуын бақылау.
22. Қауіпсіздік мәселелерін қозғайтын негіз қалаушы құжаттарды дайындауға қатысу.
23. Кез келген тәртіп бұзушылық фактісі анықталған кезде қызметтік тергеу жүргізуді ұйымдастыру және бақылау.

5. ҚҰҚЫҚТАРЫ

24. Бөлім өзіне жүктелген міндеттерді шешу барысында төмендегідей құқықтарға ие бола алады:
- 1) құрылымдық бөлімшелерден қажетті деректерді сұратуға;
 - 2) ұйымның барлық құрылымдық бөлімшелерінен бөлімге жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті мәліметтерді талап етуге және алуға;
 - 3) бөлімнің құзыретіне кіретін және Консерватория басшысымен келісуді талап етпейтін барлық мәселелер бойынша хат алмасуды дербес жүргізуге;
 - 4) бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұйымның атынан белгіленген тәртіппен өкілдік етуге;
 - 5) бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар мен нұсқаулар беруге;
 - 6) ұйымда өткізілетін кеңестер өткізуге және кеңестерге қатысуға.

Құрылым ережесі	Қауіпсіздік бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	7 беттің 4 беті

6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

25. Осы Ережемен бөлімге жүктелген міндеттер мен функциялардың сапасы мен уақтылы орындалуына бөлім басшысы толық жауапты болады.
26. Бөлімнің басқа қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесі лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.
27. Қауіпсіздік бөлімінің жұмыс процесінде туындайтын барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.
28. Бөлім қызметкерлері сапа менеджменті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі саласындағы міндеттемелердің және бөлімге жүктелген процестер үшін жауапкершілік бөлігінде ішкі нормативтік құжаттама талаптарының сақталуына жауапты болады.
29. Бөлім басшысы және бөлімнің басқа да қызметкерлері өздері ресімдейтін құжаттардың дұрыстығына, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне дербес жауапты болады.
30. Бөлімнің барлық қызметкерлері кәсіби қауіпсіздік пен денсаулық ережелері мен нормаларын сақтауға міндетті.

7. ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

31. Бөлім студенттермен және түлектермен жұмыс жөніндегі бөліммен, студенттер мен оқытушылар құрамының тәртібі бойынша даулы мәселелер бойынша жұмыс істейді.
32. Бөлім қызметкерлермен жұмыс жөніндегі бөліммен, еңбек тәртібі мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды.
33. Бөлім жатақхана қызметін қамтамасыз ету, студенттердің тыныс-тіршілігі мәселелері бойынша бөліммен өзара іс-қимыл жасайды.
34. Бөлім сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңеспен осы жүйе Консерваторияда белгілеген өлшемдер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі шеңберінде өзара іс-қимыл жасайды.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

35. Бөлім өз қызметін төмендегі жағдайда тоқтатады:
- 1) Консерватория Ректорының өкімі болған кезде;
 - 2) уәкілетті органның заңнамалық шешімі негізінде.
36. Осы ереже Консерватория басшылығы бекіткен күннен бастап күшіне енеді.
37. Бұл ереже Консерваторияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Консерватория басшылығының жазбаша рұқсатынсыз осы құжаттың толық немесе бір бөлігін көшіруге, көбейтуге және беруге жол берілмейді.
38. Осы құжаттың құрамы, оны қарау, тарату, сақтау, қайта қарау және қайта басып шығару «Құжатталған ақпаратты басқару» құжаттандырылған рәсіміне сәйкес жүргізіледі.
39. Бұл құжаттың электрондық нұсқасы сыртқы тараптарға немесе бақылаушы органдарға тек көшіруден қорғалған пішімде ғана ұсынылуы мүмкін.

Құрылым ережесі	Қауіпсіздік бөлімі
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	7 беттің 5 беті

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]